

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ
(*Орденді Күләшқа арнаймын*)

Гулеген жел – айдалада сарнаған,
Желге серік мұнды дауыс зарлаған.
Бота көзім, қазақ қызы есімде,
Ескі күнің «өлдім ана жан» деген.

Көзің жасты, жасың сұрткен орамал,
Өрттей шарпып жүрегінді сүйген жар.
Тұрса-дағы бірлестірмей, көргізбей,
Еркінді алып, сатқан сені ақсақал.

Сонда сенің жұбайың салған ән,
«Туар Шолпан, маған-дағы атар таң».
Дегендейін қайғылы еді өлеңің,
Айлы түңде бар даусыңмен шырқаған.

Кейде күй сап домбыраның қылына,
Қосып үнін жүрегіннің сырына.
Орал, Алтай, Алатауды кездіріп,
Батырушы ен «Сарыарқаны» мұңына.

Әлсіз дауыс сенен шыққан қайғы, зар,
«Ұстар тал жоқ суға кеттім не амал...»
Деген кезің қарындасым есімде,
Көрші, міне, жүрегімде ізі бар!

Күй менен ән, қыз бен жігіт далада,
Құрсауында – қап-қаралы замана.
Қылдан қайғы, тілден уайым төгіліп,
Қалар мұрат атадан жас балаға.

Міне, бүгін Мәскеудің кең залында,
Қазақ қызы Сталиннің жанында.
Өлең мен күй, ойын мен би өрістеп,
Думан етті, түсті жаңа сарынға.

Мың құбылтып «Гәккүді» әдемі үнмен,
Шырқағанда сыңғырлап тоқсан түрмен.

Шықты «Гэку» көмейді бүлкілдетіп,
Төгілгендей аузыңнан маржан-гүлмен.

Көз тікті жұрт таңырқап, Күләш, саған,
Қолын соқты театр толған адам.
«Өс, өркенде, бақытты қыз бен ұлым!», –
Деді сүйіп қамқор бабаң.

Мәскеу – таңым, Кремль – сөнбес күнім,
Қысып сүйді қазақтың қыз бен ұлын.
Дүниедегі таратты радиомен,
Жаңа туған халықтың күй мен жырын.

Орден тақты ардақты, берді баға,
Ел сүйген ер бабаң – асқан дана.
Түрлендіріп бойыңа қуат қосып,
Қайтарды атаң, қадірлеп сахараға.

Саған арнап Мәскеуде ән шырқаған,
Жырдан меруерт тізбекке алдым қалам.
Сап күмістей өлеңнің нақыштарын,
«Байғазы» деп төсіңе мен де тағам!

Бұл өлең де көсемнен алған өлең,
Бұл өлеңнің тарихы тым-ақ терең.
Өлеңіммен атармын аттарыңды,
Аямаспын барымды досым сенен!

*Күләш Байсейітова / Құраст. Аклима Омарова. –
Алматы: «Өнер», 2012. – 169-170 б.*